| 54 | Участок «Шөлқұм» сельского округа Шакен, Казлинского района | 50 пастбище – 45 другие - 5 | Для ведения сельскохозяйственного производства крестьянского или фермерского хозяйства | Права временного возмездного землепользования на 10 (десять) лет | Нет |

**Басы 3-бетте**

# ХАБАРЛАМА!

Қызылорда қаласы аумағындағы ауыл шаруашылығы жерлерінен шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты өткізу жөніндегі қосымша хабарламаны тиісті облыс шегіндегі аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарында және орталық уәкілетті органдарының интернет-ресурсында жарияланған.

Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау: Қызылорда қаласы, Ыбырай Жахаев көшесі, № 24 мекен-жайында орналасқан «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2026 жылдың 06 наурыз сағат 900-ден – 01 сәуір сағат 1300-ге дейін қабылданады.

Конкурстың өткізілетін орны: «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Қызылорда облыстық филиалының (Қызылорда қаласы, Мүсірәлі Әжіқожа көшесі 10. (Эмпайр мейрамханасына қарсы орналасқан)) ғимараты мекенжайында 02 сәуір күні сағат 1000-ден бастап өткізілетіндігін хабарлаймыз.

2) Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

Байланыс телефоны: (8 7242) 27-42-42, 27-78-30.

## Мемлекеттік меншіктегі жер учаскелерін шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің тізбесі

| № | Жер учаскесінің орналасқан орыны | Жер учаскесінің көлемі, га. | Жер учаскесінің нысаналы мақсаты | Жер пайдалану құқығы | Алқаптардың құрамы | Бонитет баллы | Сумен қамтамасыз етілуі мүмкіндігі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| 1 | «Име баз» өңірі, нөмірсіз | 339,4 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын 5 (бес) жыл мерзімге | Жайылымы-319,4 га, Бөгде жері-20,0 га | 12 | бар |
| 2 | «Медетбай» өңірі, нөмірсіз | 250,0 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын 5 (бес) жыл мерзімге | Жайылымы-235,0 га, Бөгде жері-15,0 га | 7 | бар |
| 3 | «Батырбай» өңірі, нөмірсіз | 26,6 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын 5 (бес) жыл мерзімге | Жайылымы-24,0 га, Бөгде жері-2,6 га | 11 | бар |
| 4 | «Тоған» өңірі, № 1 учаске | 33,0 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын 5 (бес) жыл мерзімге | Жайылымы-30,0 га, Бөгде жері-3,0 га | 6 | бар |
| 5 | «Тоған» өңірі, № 3 учаске | 30,0 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын 5 (бес) жыл мерзімге | Жайылымы-28,0 га, Бөгде жері-2,0 га | 5 | бар |
| 6 | «Тоған» өңірі, № 6 учаске | 42,0 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын 5 (бес) жыл мерзімге | Жайылымы-40,0 га, Бөгде жері-2,0 га | 6 | бар |
| 7 | «Тоған» өңірі, № 8 учаске | 33,0 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын 5 (бес) жыл мерзімге | Жайылымы-30,0 га, Бөгде жері-3,0 га | 6 | бар |
| 8 | «Тоған» өңірі, № 12 учаске | 73,0 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын 5 (бес) жыл мерзімге | Жайылымы-70,0 га, Бөгде жері-3,0 га | 6 | бар |
| 9 | «Иіркөл» өңірі, аумағы | 9,0 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын 5 (бес) жыл мерзімге | Жайылымы-7,5 га, Бөгде жері-1,5 га | 9 | бар |
| 10 | «Кеңесарық» өңірі, нөмірсіз | 5,0 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын 5 (бес) жыл мерзімге | Жайылымы-5,0 га, Бөгде жері-га | 12 | бар |
| 11 | «Көксу» өңірі, нөмірсіз | 40,0 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын 5 (бес) жыл мерзімге | Жайылымы-35,0 га, Бөгде жері-5,0 га | 13 | бар |
| 12 | «Құлбай» өңірі, нөмірсіз | 310,0 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын 5 (бес) жыл мерзімге | Жайылымы-295,0 га, Бөгде жері-15,0 га | 5 | бар |
| 13 | «Айнакөл» өңірі, нөмірсіз | 10,0 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын 5 (бес) жыл мерзімге | Жайылымы-8,0 га, Бөгде жері-2,0 га | 18 | бар |
| 14 | «Арпалық» өңірі, нөмірсіз | 254,0 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын 5 (бес) жыл мерзімге | Жайылымы-247,0 га, Бөгде жері-7,0 га | 8 | бар |
| 15 | «Ешпан» өңірі, № 3 ауыспалы егістік, № 4 танап | 20,4 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын 5 (бес) жыл мерзімге | Егістігі-17,4 га, Бөгде жері-3,0 га | 4 | бар |
| 16 | Абай ауылы, №7 ауыспалы егістік аумағы | 24,7 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын 5 (бес) жыл мерзімге | Егістігі-21,0 га, Бөгде жері-3,7 га | 11 | бар |
| 17 | «Ешпан» өңірі, № 3 ауыспалы егістік, № 4 танап | 20,4 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын 5 (бес) жыл мерзімге | Егістігі-19,0 га, Бөгде жері-1,4 га | 5 | бар |
| 18 | Абай ауылы, №7 ауыспалы егістік аумағы | 28,3 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын 5 (бес) жыл мерзімге | Егістігі-22,0 га, Бөгде жері-6,3 га | 11 | бар |
| 19 | Абай ауылы, №7 ауыспалы егістік аумағы | 28,3 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын 5 (бес) жыл мерзімге | Егістігі-22,0 га, Бөгде жері-6,3 га | 11 | бар |
| 20 | «Барлыкөл» өңірі, нөмірсіз | 120,0 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын 5 (бес) жыл мерзімге | Жайылымы-114,0 га, Бөгде жері-6,0 га | 2 | жоқ |
| 21 | «Бидайкөл» өңірі, нөмірсіз | 200,0 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын 5 (бес) жыл мерзімге | Жайылымы-192,0 га, Бөгде жері-8,0 га | 9 | жоқ |
| 22 | Абай ауылы, №7 ауыспалы егістік аумағы | 66,7 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын 5 (бес) жыл мерзімге | Егістігі-61,0 га, Бөгде жері-5,7 га | 26 | бар |
| 23 | «Наркөл» өңірі, нөмірсіз | 50,0 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын 5 (бес) жыл мерзімге | Жайылымы-44,0 га, Бөгде жері-6,0 га | 12 | жоқ |
| 24 | «Батырбай» өңірі, нөмірсіз | 17,8 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын 5 (бес) жыл мерзімге | Жайылымы-16,8 га, Бөгде жері-1,0 га | 14 | бар |
| 25 | «Жаңғаққұм» өңірі, нөмірсіз | 18,0 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын 5 (бес) жыл мерзімге | Жайылымы-15,0 га, Бөгде жері-3,0 га | 6 | бар |
| 26 | «Аяқкөл» өңірі, нөмірсіз | 18,0 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын 5 (бес) жыл мерзімге | Жайылымы-15,0 га, Бөгде жері-3,0 га | 2 | бар |
| 27 | Абай ауылы, №7 ауыспалы егістік аумағы | 28.3 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын 5 (бес) жыл мерзімге | Егістігі-20.0 га, Бөгде жері-8.3 га | 25 | бар |
| 28 | «Көкжиде» өңірі, нөмірсіз | 16,0 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын 5 (бес) жыл мерзімге | Жайылымы-14,0 га, Бөгде жері-2,0 га | 9 | бар |
| 29 | «Жаңғаққұм» өңірі, нөмірсіз | 153,9 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын 5 (бес) жыл мерзімге | Егістігі-72,8 га, Жайылымы-65,6 га, Бөгде жері-15,5 га | 6 | бар |
| 30 | «Қаратабан» өңірі, нөмірсіз | 88,7 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын 5 (бес) жыл мерзімге | Егістігі-80,0 га, Бөгде жері-8,7 га | 11 | бар |
| 31 | «Қаратабан» өңірі, нөмірсіз | 10,0 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын 5 (бес) жыл мерзімге | Жайылымы-9,0 га, Бөгде жері-1,0 га | 11 | бар |
| 32 | Қызылөзек ауылдық округі, «Қараөзек» өңірі, нөмірсіз | 30,0 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын 5 (бес) жыл мерзімге | Жайылымы-27,0 га, Бөгде жері-3,0 га | 9 | бар |
| 33 | Қосшыңырау ауылдық округі, Абай ауылы, № 5 ауыспалы егістік, нөмірсіз учаске | 460,0 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын 5 (бес) жыл мерзімге | Егістігі-434,0 га, Бөгде жері-26,0 га | 24 | бар |
| 34 | Прудхоз елді мекені, «Иіркөл» өңірі, нөмірсіз | 64,0 | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын 5 (бес) жыл мерзімге | Жайылымы-60,0 га, Бөгде жері-4,0 га | 6 | бар |
| | БАРЛЫҒЫ: | 2890,2 | | | | | |

# ИЗВЕЩЕНИЕ!

Информация о проведении конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства из сельскохозяйственных земель города Кызылорда размещена на интернет-ресурсах местного исполнительного органа города областного значения и центрального уполномоченного органа.

Прием заявок на участие в конкурсе осуществляется коммунальным государственным учреждением «Кызылординского городского отдела сельского хозяйства и земельных отношений» по адресу: город Кызылорда, улица Ыбрая Жахаева, №24 с 900 часов 06 марта 2026 года до 1300 часов 01 апреля 2026 года.

Место и время проведения конкурса: 2 апреля 2026 года с 1000 часов в здании областного филиала палаты предпринимателей Кызылординской области Национальной палаты предпринимателей Республики Казахстан «Атамекен» (по адресу г. Кызылорда, ул.Мусирали Ажикожа 10 (напротив ресторана Эмпайр)).

Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

1) для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его место нахождения, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителях и участниках или акционерах заявителя – юридического лица с указанием размера их доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об аффилированных лицах заявителя;

2) для физических лиц – фамилию, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер, сведения о документе, удостоверяющем личность заявителя;

3) местоположение земельного участка, на который претендует заявитель;

4) конкурсное предложение;

5) обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявку на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства могут представлять уполномоченные представители физического лица или негосударственного юридического лица Республики Казахстан на основании доверенности, выданной и оформленной в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Контактные телефоны: (8 7242) 27-42-42, 27-78-30.

| № | Расположение земельного участка | Площадь земельного участка (га) | Целевое назначение земельного участка | Права землепользования | Состав угодий | Бонитет бал | Возможность водоснабжения |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| 1 | Урочище «Име баз», без номера | 339,4 | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства | Право временного возмездного землепользования на 5 (пять) лет | Пастбище-319,4 га, Прочие угодья -20,0 га | 12 | есть |
| 2 | Урочище «Медетбай», без номера | 250,0 | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства | Право временного возмездного землепользования на 5 (пять) лет | Пастбище-235,0 га, Прочие угодья -15,0 га | 7 | есть |
| 3 | Урочище «Батырбай», без номера | 26,6 | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства | Право временного возмездного землепользования на 5 (пять) лет | Пастбище-24,0 га, Прочие угодья -2,6 га | 11 | есть |
| 4 | Урочище «Тоған», без номера | 33,0 | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства | Право временного возмездного землепользования на 5 (пять) лет | Пастбище-30,0 га, Прочие угодья -3,0 га | 6 | есть |
| 5 | Урочище «Тоған», участок № 3 | 30,0 | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства | Право временного возмездного землепользования на 5 (пять) лет | Пастбище-28,0 га, Прочие угодья -2,0 га | 5 | есть |
| 6 | Урочище «Тоған», участок № 6 | 42,0 | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства | Право временного возмездного землепользования на 5 (пять) лет | Пастбище-40,0 га, Прочие угодья-2,0 га | 6 | есть |
| 7 | Урочище «Тоған», участок № 8 | 33,0 | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства | Право временного возмездного землепользования на 5 (пять) лет | Пастбище-30,0 га, Прочие угодья-3,0 га | 6 | есть |
| 8 | Урочище «Тоған», участок № 12 | 73,0 | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства | Право временного возмездного землепользования на 5 (пять) лет | Пастбище-70,0 га, Прочие угодья-3,0 га | 6 | есть |
| 9 | Урочище «Иіркөл», без номера | 9,0 | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства | Право временного возмездного землепользования на 5 (пять) лет | Пастбище-7,5 га, Прочие угодья-1,5 га | 9 | есть |
| 10 | Урочище «Кеңесарық», без номера | 5,0 | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства | Право временного возмездного землепользования на 5 (пять) лет | Пастбище-5,0 га, Прочие угодья -га | 12 | есть |
| 11 | Урочище «Көксу», без номера | 40,0 | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства | Право временного возмездного землепользования на 5 (пять) лет | Пастбище-35,0 га, Прочие угодья-5,0 га | 13 | есть |
| 12 | Урочище «Құлбай», без номера | 310,0 | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства | Право временного возмездного землепользования на 5 (пять) лет | Пастбище-295,0 га, Прочие угодья-15,0 га | 5 | есть |
| 13 | Урочище «Айнакөл», без номера | 10,0 | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства | Право временного возмездного землепользования на 5 (пять) лет | Пастбище-8,0 га, Прочие угодья-2,0 га | 18 | есть |
| 14 | Урочище «Арпалық», без номера | 254,0 | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства | Право временного возмездного землепользования на 5 (пять) лет | Пастбище-247,0 га, Прочие угодья-7,0 га | 8 | есть |
| 15 | Урочище «Ешпан», севооборот № 3, поле № 4 | 20,4 | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства | Право временного возмездного землепользования на 5 (пять) лет | Пашня-17,4 га, Прочие угодья-3,0 га | 4 | есть |
| 16 | село Абай, территория севооборота № 7 | 24,7 | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства | Право временного возмездного землепользования на 5 (пять) лет | Пашня-21,0 га, Прочие угодья-3,7 га | 11 | есть |
| 17 | Урочище «Ешпан», севооборот № 3, поле № 4 | 20,4 | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства | Право временного возмездного землепользования на 5 (пять) лет | Пашня-19,0 га, Прочие угодья-1,4 га | 5 | есть |
| 18 | село Абай, территория севооборота № 7 | 28,3 | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства | Право временного возмездного землепользования на 5 (пять) лет | Пашня-22,0 га, Прочие угодья-6,3 га | 11 | есть |
| 19 | село Абай, территория севооборота № 7 | 28,3 | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства | Право временного возмездного землепользования на 5 (пять) лет | Пашня-22,0 га, Прочие угодья-6,3 га | 11 | есть |
| 20 | Урочище «Барлыкөл», без номера | 120,0 | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства | Право временного возмездного землепользования на 5 (пять) лет | Пастбище-114,0 га, Прочие угодья-6,0 га | 2 | нет |
| 21 | Урочище «Бидайкөл», без номера | 200,0 | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства | Право временного возмездного землепользования на 5 (пять) лет | Пастбище-192,0 га, Прочие угодья-8,0 га | 9 | есть |
| 22 | село Абай, территория севооборота № 7 | 66,7 | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства | Право временного возмездного землепользования на 5 (пять) лет | Пашня-61,0 га, Прочие угодья-5,7 га | 26 | есть |
| 23 | Урочище «Наркөл», без номера | 50,0 | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства | Право временного возмездного землепользования на 5 (пять) лет | Пастбище-44,0 га, Прочие угодья -6,0 га | 12 | Нет |
| 24 | Урочище «Батырбай», без номера | 17,8 | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства | Право временного возмездного землепользования на 5 (пять) лет | Пастбище-16,8 га, Прочие угодья-1,0 га | 14 | есть |
| 25 | Урочище «Жаңғаққұм», без номера | 18,0 | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства | Право временного возмездного землепользования на 5 (пять) лет | Пастбище-15,0 га, Прочие угодья-3,0 га | 6 | есть |
| 26 | Урочище «Аяққөл», без номера | 18,0 | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства | Право временного возмездного землепользования на 5 (пять) лет | Пастбище-15,0 га, Прочие угодья-3,0 га | 2 | есть |
| 27 | село Абай, территория севооборота № 7 | 28.3 | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства | Право временного возмездного землепользования на 5 (пять) лет | Пашня-20.0 га, Прочие угодья-8.3 га | 25 | есть |
| 28 | Урочище «Көкжиде», без номера | 16,0 | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства | Право временного возмездного землепользования на 5 (пять) лет | Пастбище-14,0 га, Прочие угодья-2,0 га | 9 | есть |
| 29 | Урочище «Башпай», без номера | 153,9 | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства | Право временного возмездного землепользования на 5 (пять) лет | Пашня-72,8 га, Пастбище-65,6 га, Прочие угодья-15,5 га | 6 | есть |
| 30 | Урочище «Қаратабан», без номера | 88,7 | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства | Право временного возмездного землепользования на 5 (пять) лет | Пашня-80,0 га, Прочие угодья-8,7 га | 11 | есть |
| 31 | Урочище «Қаратабан», без номера | 10,0 | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства | Право временного возмездного землепользования на 5 (пять) лет | Пастбище-9,0 га, Прочие угодья-1,0 га | 11 | есть |
| 32 | Урочище «Қараөзек», без номера | 30,0 | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства | Право временного возмездного землепользования на 5 (пять) лет | Пастбище-27,0 га, Прочие угодья-3,0 га | 9 | есть |
| 33 | Косшынрауский сельский округ, село Абай, севооборот № 5, участок без номера | 460,0 | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства | Право временного возмездного землепользования на 5 (пять) лет | Пашня-434,0 га, Прочие угодья-26,0 га | 24 | есть |
| 34 | Населённый пункт Прудхоз, Урочище «Иіркөл», без номера | 64,0 | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства | Право временного возмездного землепользования на 5 (пять) лет | Пастбище-60,0 га, Прочие угодья-4,0 га | 6 | есть |
| | Всего: | 2890,2 | | | | | |

## СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 22 ақпандағы №814 Жарлығына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» №153 Жарлығына және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 8(7242) 27-42-42 «Сенім телефоны» жұмыс істейтіндігін хабарлаймыз.

## 2026 жылғы I тоқсанда «Жалағаш ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі» бөлім басшысының азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде осы органдардың қызметкерлерін жеке қабылдау кестесі

| № | Жеке қабылдауды жүргізетін адамның тегі, аты, әкесінің аты | Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы | Жеке қабылдау күні мен уақыты | Мемлекеттік органның орналасқан жері | Байланыс телефоны |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1 | Жапбасбаев Қайрат Ғалиұлы | Бөлім басшысы | Күнделікті 15:00 ден 19:00 ге дейін | Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №3 | 8(72431) 31-9-95 32-3-82 |

# ЖЫНЫСТЫҚ ЖОЛМЕН БЕРІЛЕТІН АУРУЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ




Жыныстық жолмен берілетін аурулар (ЖЖБА) бір адамнан екінші адамға жыныстық қатынас арқылы берілетін аурулар. ЖЖБА бактериялар, вирустар немесе паразиттерден туындайтын және олардың ауырлығы жеңіл инфекциялардан өмірге қауіп төндіретін жағдайларға дейін алып келеді. Көп жағдайда ЖЖБА ұзақ уақыт бойына симптомсыз күйде болуы мүмкін. Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша жыл сайын әлемнің 18 % -ы жыныстық жолмен берілетін ауруды жұқтырады. Барлық жыныстық белсенді жастардың жартысы 30 жасқа дейін кем дегенде бір рет жыныстық жолмен берілетін инфекцияны жұқтырады. Жыныстық жолмен берілетін аурудың белгілері жиі болмаса да, ЖЖБА өте ауыр жағдайда және тіпті адам өміріне қауіп төндіруі мүмкін және ұзақ емдеуді қажет етеді.

ЖЖБА –ның түрлері:

ЖЖБА –ның 30 дан астам түрі бар. Көбінесе жыныстық жолмен берілетін аурулар ерлер мен әйелдерге әсер етеді, дегенмен де әйелдерде ЖЖБА асқынулары және соған байланысты денсаулықтарында асқынулар жиі кездеседі. Жыныстық жолмен берілетін ауру жүкті әйелдің плацентасынан өтіп , нәрестенің денсаулығына кері әсерін тигізуі мүмкін.

Хламидиоз – көп жағдайда симптомсыз өтеді, бірақ емделмеген жағдайда репродуктивті жүйенің зақымдануына әкелетін бактериалды инфекция.

Гонорея- тік ішекке, жыныс мүшелеріне әсер ететін бактериалды инфекция.

Сифилис- жаралардан басталып ,ағзалардың зақымдануына алып келетін инфекция.

Адам папилома вирусы – жыныс мүшелерінде сүйелдер мен ісіктердің пайда болуы.

Қарапайым герпес вирусы- ауыздың немесе жыныс мүшелерінің айналасында жаралардың пайда болуы Адамның иммун тапшылығы вирусы (АИТВ ) – иммундық жүйені әлсіретіп , емделмеген жағдайда жүре пайда болған иммун тапшылығы синдромына әкеледі.

Трихомониаз- қабынуды және түрлі сұйықтықтардың бөлінуіне әкелетін паразиттік инфекция.

Қауіпті факторлар: ЖЖБА негізінен жыныстық қатынас арқылы жұғады, әсіресе дене сұйықтықтары мен шырышты қабаттармепн байланыс арқылы таралады. Қауіп факторларына бірнеше серіктес болуы, қорғалмағань жыныстық қатынасқа түсу немесе тұрақты медициналық тексеруден өтпеу жатады. Жастар, ересек адамдар,иммундық жүйесі әлсіреген адамдар және медициналық көмекке қол жеткізе алмайтын адамдар тәуекел топқа жатады. Әйелдерде жүктілік және босану кезінде анадан балаға берілуі мүмкін.

Аурудың негізгі белгілері: Кейбір ЖЖБА ешқандай белгі бермей жасырын түрде өтеді, ал негізгі белгілері зәр шығарудың ауыруы, жыныс мүшелері айналасында жаралардың болуы, сұйықтықтардың бөлінуі,қышуы,ауыруы. Адамдарда осындай белгілер байқалса дәрігерге қаралу керек. Емделмеген жағдайда бедеулікке, жүктіліктің асқынуына, басқа инфекциялардың қосылуына әкеледі.

Ақпараттандырудың және алдын алудың маңыздылығы: Жастар мен жасөспірімдер арасында жыныстық жолмен берілетін аурулар туралы хабардарлықты арттыру олардың таруын азайту үшін өте маңызды. Тұрғындардың скринингтен өтуі, қауіпсіз жыныстық тәрбие, дер кезінде емделу ЖЖБА-ның алдын алуда ең тиімді стратегия болып табылады. Яғни ЖЖБА –ның қалай дамып жатқанын және олар тудыруы мүмкін асқынуларды түсіну арқылы адамдар өздерін және серіктестерінің денсаулығын қорғау үшін белсенді қадамдар жасайды.

**А.БЕКНИЯЗОВА,**
**Жалағаш ПСК кабинет дәрігері**

# ҚОҒАМДАҒЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖҮЙЕСІНІҢ МАҢЫЗЫ

Халыққа ұсынылатын қызметтердің сапасы елдің әлеуметтік және экономикалық даму деңгейін айқындайтын негізгі көрсеткіштердің бірі болып табылады. Осы себепті көптеген мемлекеттер бұл бағыттың дамуына және қызмет көрсету сапасын жетілдіруге басымдық береді.

Көрсетілетін қызметтер – азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініші негізінде жеке тәртіппен жүзеге асырылатын, олардың құқықтарын іске асыруға және қажетті игіліктерге қол жеткізуіне мүмкіндік беретін мемлекеттік функциялардың нысаны.

Қызмет көрсету саласындағы басты қағидаттарға тең қолжетімділік, кемсітушілікке жол бермеу, ашықтық пен есептілік, сапа мен қолайлылық, сондай-ақ көрсетілетін қызметтерді үнемі жетілдіру жатады. Сонымен бірге үнемділік пен тиімділік қағидаттарын сақтау да маңызды.

Бұл бағыттағы жұмыстың сапалы жүргізілуі, әсіресе ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын жақсартуға оң ықпал етеді. Осы орайда Қызылорда қаласының «Талсуат ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі халыққа бірқатар қызмет түрлерін көрсетіп келеді. Атап айтқанда, жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру; сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу; жер учаскесін алу үшін кезекке қою; кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін беру; сондай-ақ жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп немесе не бөліп төлеу арқылы жүзеге асырылады.

Аталған қызмет түрлерін алу үшін белгіленген талаптарға сәйкес құжаттар тапсыру қажет. Азаматтарға қолайлы жағдай жасау мақсатында мекеме ғимаратында ақпараттық стендтер орнатылған және жауапты маман бекітілген.

Көрсетілетін қызметтер бойынша кеңес алу үшін 1414 нөмірі арқылы Бірыңғай байланыс орталығына хабарласуға болады. Ал қызмет алу үшін Қызылорда қаласы, Талсуат ауылы, Абай Құнанбаев көшесі №25 мекенжайында орналасқан ауылдық округ әкімінің аппаратына жүгіну қажет. Сенім телефоны – 21-71-07.

Қорытындылай келе, халыққа көрсетілетін қызметтердің сапалы әрі қолжетімді болуы тұрғындардың мемлекетке деген сенімін нығайтып, қоғамның тұрақты дамуына ықпал етеді.

# МӘМС: ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

Жыл басынан бастап міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі жеңілдігі бар азаматтар санатына әлеуметтік осал топтарға жататын D және E санатындағы азаматтар енгізілді. Сонымен қатар әлеуметтік маңызы бар аурулардың тізбесі кеңейтіліп, олар бойынша тексерулер сақтандыру мәртебесіне қарамастан тегін жүргізіледі. Бұдан бөлек, МӘМС-тің базалық пакетіне бірқатар созылмалы аурулар енгізілді.

Қызылорда қаласының тұрғыны Зибаш Ахметова қант диабеті және жүрек-қан тамырлары аурулары бойынша диспансерлік есепте тұр. Қазіргі таңда пациент көзге ота жасауға дайындалуда.

- «МӘМС жүйесінде сақтандырылғандықтан, емханада барлық қажетті тексерулерден өтіп, жыл сайын күндізгі стационарда ем аламын. Қазір Емдеуге жатқызу бюро порталы арқылы облыстық ауруханада емделуге дайындалып жатырмын. Медициналық көмек алу барысында ұзақ күту жоқ», - дейді пациент.

№ 4 қалалық емханаға шамамен 41 мың тұрғын тіркелген, олардың 6 мыңға жуығының «сақтандырылған» мәртебесі жоқ. Жыл басынан бастап D және E санатындағы азаматтар үшін жарналар жергілікті бюджет есебінен төленуде.

Жалпы тәжірибелік дәрігері Айжан Өтепбергеннің айтуынша, диспансерлік есепте тұрған созылмалы бүйрек жеткіліксіздігі бар 16 пациент тұрақты түрде гемодиализ қабылдайды.

«Егер бұл пациенттер МӘМС жүйесінде сақтандырылмаған болса, олардың жылдық шығындары 5 миллион теңгеге дейін жетуі мүмкін еді. Сақтандырылған мәртебесінің болуы медициналық көмекті уақтылы, толық көлемде және қаржылық шығынсыз алуға мүмкіндік береді», - деді дәрігер.

Қызылорда облысында 818 мыңнан астам адам тұрады, олардың 95 мыңнан астамы МӘМС жүйесінде сақтандырылмаған. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының облыстық филиалында сақтандырылмаған тұрғындар санының біртіндеп азайып келе жатқанын атап өтті.

«Өңірде шамамен 5 мың тұрғын дағдарыстық және шұғыл санаттарға жатады. Оның ішінде 3,5 мыңы - D санаты, шамамен 1 500 адам - E санаты. Әлеуметтік осал азаматтар үшін жарналар медициналық ұйымға жүгінген сәттен бастап жыл көлемінде төленеді. Бұл ретте қосымша құжаттар талап етілмейді», - деп хабарлады «ӘМСҚ» КеАҚ Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Жақсылық Абдусаметов.

# ЖАСТАР ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ОРТАНЫҢ РӨЛІ

Аңдатпа: Жастар кез келген мемлекеттің даму қарқынын айқындайтын жетекші күш болып табылады. Олардың құндылықтар жүйесі қоғамның экономикалық өрлеуіне, мәдени және рухани жаңғыруына бағыт береді. Сондықтан әлеуметтік ортаның жас буынның көзқарастары мен мінез-құлық ерекшеліктерін қалыптастырудағы рөлі ерекше мәнге ие, себебі дәл осы орта арқылы жастар әлеуметтік тәжірибе жинақтап, өз орнын табады.

Кілт сөздер: Құндылық, әлеуметтік орта, рухани жаңғыру, жаһандану дәуірі, медиа сауаттылық, қоғам, отбасы, тұлғалық даму.

Жастар әлеуметтік ортаның негізі

Әлеуметтік орта – жеке тұлғаның қалыптасу процесінде шешуші рөл атқаратын, оның мінез-құлқына, ойлау жүйесіне және өмірлік бағыт-бағдарына әсер ететін қоғамдық-мәдени және материалдық факторлардың жиынтығы. Жастардың құндылықтары дәл осы ортаның түрлі салалары – отбасы, білім беру мекемелері, құрдастар тобы, медиа, қоғамдық ұйымдар арқылы қалыптасады. Бұл орталар өзара әрекеттесе отырып, жас адамның әлеуметтену барысына және оның тұлғалық дамуына ықпал етеді.

| Әлеуметтік орта | Рөлі және ықпалы | Қалыптастыратын құндылықтар |
|---|---|---|
| Отбасы | Негізгі әлеуметтену институты. Алғашқы адамгершілік қағидалары, мәдени нормалар мен ұлттық дәстүрлер осы ортада қалыптасады. | Адалдық, мейірімділік, сыйластық, ұрпақ сабақтастығы, отбасылық құндылықтар |
| Білім беру жүйесі | Жүйелі білім беру, кәсіби бағдар қалыптастыру, әлеуметтік рөлдерді меңгерту, тәртіп пен жауапкершілікті қалыптастыру. | Білімге құштарлық, еңбекқорлық, жауапкершілік, заңға құрмет |
| Құрдастар ортасы | Қарым-қатынас тәжірибесін дамыту, өзін-өзі тану, топтық нормаларды қабылдау, әлеуметтік тәжірибе жинақтау. | Достық, топтық ынтымақтастық, өзін-өзі бағалау, лидерлік қасиет |
| БАҚ және Интернет | Ақпараттық ағыммен қамтамасыз ету, жаһандық мәдениетті тарату, қоғамдық пікір қалыптастыру. | Ашықтық, сыни ойлау, толеранттылық; кей жағдайда – радикалдық көзқарастар немесе жеңіл мазмұнға бейімдік |
| Мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар | Азаматтық белсенділікті дамыту, қоғам өміріне қатысу дағдыларын қалыптастыру, әлеуметтік жауапкершілікті арттыру. | Патриотизм, азаматтық жауапкершілік, әлеуметтік әділеттілік |

1-кесте. Әлеуметтік ортаның негізгі деңгейлері

Кестедегі әрбір әлеуметтік орта жастардың құндылықтарын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Отбасы бастапқы негізді қаласа, білім беру жүйесі оны дамытады, құрдастар ортасы әлеуметтік бейімделуді қамтамасыз етеді, медиа ақпараттық бағыт қалыптастырады, ал қоғамдық ұйымдар азаматтық және әлеуметтік жауапкершілікті күшейтеді. Осы орталардың өзара ықпалы жастардың толыққанды тұлға болып қалыптасуына, құндылықтар жүйесінің тұрақты әрі саналы дамуына жағдай жасайды.

Қазіргі әлеуметтік ортаның басты ерекшелігі – оның қарқынды дамуы, ақпараттық ағымның шексіздігі және мәдени ықпалдардың алуан түрлілігі. Осындай күрделі әрі жылдам өзгеретін орта жастардың құндылықтық бағдарларына қос қырлы әсер етеді: бір жағынан, оларды дамуға, білімге, ашық ойлауға жетелесе, екінші жағынан, тұрақсыздық, ақпараттық қысым және теріс идеологиялардың ықпалында қалу қаупін тудырады.

Жастар құндылықтары әр мемлекетте әлеуметтік ортаға байланысты әртүрлі қалыптасады. Қазақстандағы дәстүрлі, отбасылық-рухани бағыт пен бірқатар шетелдік (Еуропа, АҚШ, Жапония, Оңтүстік Корея) жүйелердегі модерндік, технологиялық және жеке тұлғаға бағытталған модельдер арасында айтарлықтай айырмашылықтар бар. Әлем елдерінің тәжірибесін салыстыра отырып, жастар құндылықтарының қалыптасуындағы ұқсастықтар мен ерекшеліктерді анықтауға мүмкіндік туады. Бұл өз кезегінде жастар саясатын жетілдіруге, олардың тұлғалық әлеуетін дамытуға жағдай жасайды.

Отбасы – кез келген қоғамдағы тәрбие бастауы. Қазақстанда отбасының рөлі ерекше: ата-ана беделі, үлкенді құрметтеу, салт-дәстүрді сақтау – жастардың басты адамгершілік тіректері. Дәл осы ортада мейірімділік, адалдық, жауапкершілік сияқты базалық құндылықтар қалыптасады.

Батыс елдерінде, әсіресе АҚШ пен Еуропада, отбасылық тәрбие жеке тұлғаның дербестігіне көбірек бағытталған. Жастар ерте жастан өз бетінше шешім қабылдауға, еркін өмір сүруге үйренеді.

Шығыс елдері – Жапония мен Кореяда – Қазақстанға ұқсас дәстүрлілік бар, бірақ тәртіп пен еңбекке деген талап әлдеқайда қатаң.

Қазақстанның білім беру жүйесі жастардың рухани-адамгершілік тәрбиесіне, жалпы мәдени қалыптасуына айрықша мән береді. Патриотизм, еңбекқорлық, білімге құштарлық – негізгі бағдарлар.

Батыс елдерінде білім мазмұны студенттің жеке қабілетін ашуға, шығармашылық ойлауға, еркін пікір білдіруге бағытталады. Оқу барысында практикалық тәжірибе мен жобалық жұмысқа басымдық беріледі.

Жапония мен Оңтүстік Кореяда оқу үлгерімі, тәртіп, өзін-өзі жетілдіру – басты талап. Академиялық бәсекелестік өте жоғары.

Қазақстанда жастар саясаты, волонтерлік қозғалыстар, патриоттық жобалар жылдан-жылға қарқынды дамуда. Олар жастардың жауапкершілік сезімін, азаматтық ұстанымын қалыптастырады.

Батыс елдерінде азаматтық қоғам өте белсенді: жастар қоғамдық жұмыстарға, әлеуметтік жобаларға кеңінен қатысады.

Шығыс елдері жастарды еңбекқорлық пен тәртіпке бағыттайтын мемлекеттік бағдарламаларға сүйенеді.

Қазақстандық жастар – дәстүрлі құндылықтарды сақтай отырып, жаһандық үрдістерді белсенді түрде қабылдауға тырысатын ұрпақ. Олардың отбасыға, отанға деген беріктігі жоғары. Алайда, олардың әлеуметтік белсенділігі мен жеке тәуекелге баруы Батыс жастарымен салыстырғанда төмендеу болуы мүмкін, бұл әлеуметтік-экономикалық және саяси жүйелердің ерекшеліктеріне байланысты.

Жаһандану дәуірінде айырмашылықтар азайып келеді, бірақ бастапқы әлеуметтік орта (отбасы мен мемлекеттік құрылым) қалыптастырған айырым белгілер әлі де маңызды рөл атқарады.

Шетелдік тәжірибеден алынатын тиімді тұстар Қазақстанда жастардың құндылықтарын қалыптастыруға интеграциялануы мүмкін. Мысалы: медиа сауаттылық сабақтары, волонтерлік жобалар, шығармашылық және топтық жұмыс түрлері жастардың жан-жақты дамуына ықпал етеді.

«Жастар – елдің тірегі, қоғамның келешегі», – деп ҚР Тұңғыш Президенті Н. Назарбаев атап көрсеткендей, жастардың қоғамдағы рөлі ерекше маңызды. Елдің дамуы мен тұрақтылығы көбіне жас ұрпақтың құндылықтарына, өмірлік бағдарларына және әрекеттеріне байланысты. Егер жастар жоғары моральдық, адамгершілік, әлеуметтік және рухани құндылықтарға ие болса, қоғам да мықты әрі дамыған болады. Ал егер жас буынның құндылықтық бағдарында олқылық болса, болашақта әлеуметтік, мәдени немесе экономикалық қиындықтар туындауы мүмкін.

Қорытынды. Жастардың құндылықтарын қалыптастыру – күрделі және көпқырлы процесс. Ол әлеуметтік ортаның түрлі факторларына тәуелді. Қоғамның дамуы үшін жастарға дұрыс бағыт-бағдар беру, сапалы білім беру, қауіпсіз ақпараттық орта қалыптастыру және белсенді азаматтық позицияны қолдау ерекше маңызды. Дұрыс бағытталған әлеуметтік орта жастардың тұлғалық дамуына, өз орнын табуына және қоғамға пайдалы азамат болып қалыптасуына зор үлес қосады. Сондықтан білім беру мекемелері мен қоғамның ортақ міндеті – қауіпсіз, тәрбиелік мәні жоғары, құндылыққа толы орта құру.

**Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Назарбаев, Н. А. (2010). Қазақстан – 2050: Стратегия долгосрочного развития страны. Астана: Елбасы баспасы.
2. Назарбаев, Н. А. (2012). Қазақстан жолы: жаңғыру және даму стратегиясы. Астана: Елбасы баспасы.
3. Қазақстан Республикасы Жастар саясаты жөніндегі мемлекеттік бағдарлама (2021–2025). Астана: ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі.
4. ҚР Білім және ғылым министрлігі. (2022). Жастар және білім беру жүйесі: статистикалық мәліметтер. Астана: ҚР БҒМ.
5. Аринова, Г. (2018). Жастар құндылықтарының қалыптасуы: әлеуметтік орта ықпалы. Алматы: Қазақ гуманитарлық зерттеулер журналы, №3, 45–53.

**Рысмағанбет Расул Аликұлы**
**Жетекшісі: Базартай Шапағат Есентайқызы,**
**арнайы пән оқытушысы,**
**техника ғылымдарының магистрі**

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

Директор-Редактор
**Егиншибаева Анар Жақсыбекқызы**

**Ақылдастар алқасы:**
Әбілбай Садықбаев
Рысбай Кәрімов

Жауапты хатшы
**Зибаш ӘЛИ**
8 705 982 76 61

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде қайта тіркеліп, 2025 жылдың 30 маусым айында есепке алу туралы номері KZ 53VPY00123138 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджіменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған

**Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Г, 19.10.2007 ж**

**Редакцияның мекен-жайы:**
Тоқмағанбетов көшесі 36 а,
1 қабат 4 кабинет
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

*Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді*

**Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты Тел: 23-54-91**

Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

**Таралымы 8536 дана**
**Индекс 66503**
**Тапсырыс №25**

***E-mail:gazeta_eltilegi@mail.ru***
***Электронды нұсқасы: https// ret-gazeta.kz/***